

2021-2022 оқу жылында «Көлік колледжі» КМҚК «Ұлы дала» жобасы жұмыс атқаруда. Жобаның мақсаты: Ұлы дала тарихы – Елімізде мыңдаған жылдар бойы мекендеген халықтардың тарихи шежіресінің куәсі. Батыс пен Шығыс өркениеттерін тоғыстырған үндестік пен үйлесімнің бесігі, мәдени қазынасы мен тамырлы тарихы, жауһардай әдеби мұрасы мен жарқыраған асыл тілі, тасқа таңбаланған жазуы мен саф өнері - адамзат өркениетіне қосылған баға жетпес құнды байлығы екенін тыңдаушыға жеткізу.

Жобаның міндеттері:

1. Қазақстанның оның ішіндегі ШҚО-ның тарихи ескерткіштерімен таныстыру.
2. Оларды қорғау, мақтаныш сезімін оятуға насихаттау.
3. Қасиетті жерлерге саяхат.

«Ұлы дала» жобасының жұмыс жоспарына сай:

Қыркүйек айында колледж студенттеріне «ҰЛЫ ДАЛАНЫҢ ТАРИХЫ» тақырыбында акт залында таныстырылым, дәріс өткізілді.

Кеңістік - барлық нәрсенің, ал уақыт - бүкіл оқиғаның өлшемі. Уақыт пен кеңістіктің көкжиегі тоғысқан кезде ұлт тарихы басталады. Бұл - жай ғана әдемі афоризм емес. Шын мәнінде, немістердің, италиялықтардың немесе үнді халықтарының жылнамасына көз жүгіртсек, олардың мыңдаған жылды қамтитын төл тарихындағы ұлы жетістіктерінің дені осы елдер қазір мекен етіп жатқан аумақтарға қатыстылығы жөнінде сұрақ туындайтыны орынды. Әрине, ежелгі Рим деген қазіргі Италия емес, бірақ италиялықтар өздерінің тарихи тамырымен мақтана алады. Бұл - орынды мақтаныш. Сол сияқты, ежелгі готтар мен бүгінгі немістер де бір халық емес, бірақ олар да Германияның мол тарихи мұрасының бір бөлшегі. Полиэтникалық бай мәдениеті бар ежелгі Үндістан мен бүгінгі үнді халқын тарих толқынында үздіксіз дамып келе жатқан бірегей өркениет ретінде қарастыруға болады. Бұл - тарихқа деген дұрыс ұстаным. Сол арқылы түп-тамырымызды білуге, ұлттық тарихымызға терең үңіліп, оның күрмеулі түйінін шешуге мүмкіндік туады. Қазақстан тарихы да жеке жұрнақтарымен емес, тұтастай қалпында қазіргі заманауи ғылым тұрғысынан қарағанда түсінікті болуға тиіс. Оған қажетті дәйектеріміз де жеткілікті.

Біріншіден, қосқан үлестері кейінірек сөз болатын протомемлекеттік бірлестіктердің дені қазіргі Қазақстан аумағында құрылып, қазақ ұлты этногенезінің негізгі элементтерін құрап отыр.

Екіншіден, біз айтқалы отырған зор мәдени жетістіктер шоғыры даламызға сырттан келген жоқ, керісінше, көпшілігі осы кең байтақ өлкеде пайда болып, содан кейін Батыс пен Шығысқа, Күнгей мен Теріскейге таралды.

Үшіншіден, кейінгі жылдары табылған тарихи жәдігерлер біздің бабаларымыздың өз заманындағы ең озық, ең үздік технологиялық жаңалықтарға тікелей қатысы бар екенін айғақтайды. Бұл жәдігерлер Ұлы даланың жаһандық тарихтағы орнына тың көзқараспен қарауға мүмкіндік береді.

Қорытынды: Оқушылар тақырып бойынша алған пікірлерімен бөлісті.



Қазан айында 12 ТРК тобында 12 кабинетте «Полигон зардаптары» (Семей ядролық полигонының жабылуына -30 жыл) виртуалды саяхат өткізілді. Семей ядролық полигонындағы сынақтардың жалпы саны 456 ядролық және термоядролық жарылысты

құрады. Олардың 116-сы ашық болды, яғни жер бетіндегі немесе әуе кеңістігінде жасалды. Семей полигонында әуеде және жер бетінде сынақтан өткізілген ядролық зарядтардың жалпы қуаты 1945 жылы Хиросимаға тасталған атом бомбасының қуатынан 2,5 мың есе көп болды. 1949 жылғы 29 тамызда түп-тура таңғы сағат жетіде көз ілеспес жылдамдықпен ұлғайып бара жатқан отты доп кенеттен Жер денесіне қадалып, оны шарпып өтіп, аспанға көтерілген. Отты шардан соң, сұрапыл қуат пен көз қарастырар сәуле бас айналдырып жібергендей бір сәтте жер қабығының ыстық күлі мен иісі көкке көтерілген. Жер лыпасының өртең иісі қолқа атар түтіннің ащы иісін қолдан жасалған жел әп-сәтте жан жаққа таратты. Таяу жерлердегі сирек ауылдарда тұратын адамдар дір ете түскен жер мен жарты аспанды алып кеткен от-жалынға таңырқап, үйлерінен қарап тұрған. Жалғыз түп шөп қалмаған, түтігіп қарайып кеткен даланың тұл жамылғысы. Жан-тәсілі малдын да жанталасқан тышқандардың, қарсақтардың кесірткелердің өлі денесі табылған. Жаңадан келгендер бұл тозақты Семей ядролық сынақ полигоны ретінде белгілі № 2 оқу полигонында РДС-1 (зымырандық көрсеткіш снаряды) плутоний зарядан жер бетінде сынақтан өткізу жарылысы деп атады. Бұл КСРО-да тұңғыш атом бомбасының жарылуы еді. Полигонда жаңа таталды жұлдыздың тууын Лаврентий Берия, Сергей Курчатов, әскери бастықтар мен атақты ғалымдар, Кеңестік атом бомбасының толып жатқан идеологиялық, идеялық және техникалық аталары тасадан бақылап тұрды.

Қорытынды:



Қараша айында 12 ДМ к тобында 12 кабинетте «Ұлы даланың Ұлы есімдері: Ағартушы педагог Ы. Алтынсариннің туғанына 180 жыл» тоолуына байланысты танымдық сабақ өтті. Ы. Алтынсарин – ұлт мүддесі мен ұлт мұраты үшін бар өмірін сарп еткен ағартушы. Оны біздер Ұстаздың шығармашылық еңбектерінен, жазған хаттарынан, ағартушылық істерінен айқын көреміз. Ы.Алтынсарин алғашқы хаттарының бірінде, 1862 жылы 26 қаңтардағы Орынбор бекінісінен Н.И. Ильминскийге жазған хатында: «...Құдай маған көмек етсе және дәрменім жетсе, мен азды-көпті қазақ халқына ғана пайдалы бола аламын» – деп өмірлік кредосын айтады. Сонда Ы.Алтынсариннің 20 жастан асар-аспас кезі...Қазақ халқы – азбаған халық, оның талабы біреу салып берген тар шеңбердің қыспағына сыя алмайды, оның ой-пікірі еркін...әлі азғындық жолға түспеген, пайдалы нәрсенің бәріне құмар»,–дей келе,-«...халқымызға шамамыз келгенше қызмет ету әрқайсымыздың да борышымыз»,- деуі еліне деген сүйіспеншілігі, халқының болашағына сену, сол үшін аянбай еңбек етуге ант беруін көреміз. Ол арынан аттап, халқының алдында берген антынан айныған емес. Ағартушының бұл сөзінен елінің қорғаны, халқының қалқаны болғанын, сол кездегі үкіметтің отарлау саясатына батыл қарсылық көрсеткенін байқаймыз. Немесе 1889 жылы 20 ақпанда Орск қаласынан Катаринскийге жазған хатында: «Біздің Бессонов Александр Григорьевич 3-ші және 4-ші кластардағы оқушылардың қарсы болуына қармастан бір ай бойы інжіл мен оның парыздарын

уағыздай бастапты. Міне мұндай епсіз, жарым есті басшылық салдарынан жақсы істер жойылып кетуі мүмкін. Қатты айтып отырғаным кешірім етіңіз, қайтейін ішім күйеді», – деп оқу саласындағы саясаттың қасақана, өрескел жолмен жүргізіліп отырғанына түбегейлі қарсы екенін ашық та, тіке айтуы Ұлт ұстазының батырлығын, мінезділігін айқындайды.

Қорытынды:

Студенттердің тақырып бойынша өз ойларын жазуы



Желтоқсан айында 11 ЭАК кабинетінде 129 кабинетте «Шығыс Қазақстанның ұлы есімдері» тақырыбында эссе жазылды. «Рухани жаңғыру» бағдарламасының аясында осы клубымыздың жоспарына сай бүгін эссе жазамыз. Эссеге тақырып етіп алған тақырыпты өздеріңіз ШҚО жергілікті атақты адамдар туралы ашып жазуға болады. Ол адам мәдениет саласы болсын, спорт саласы болсын, әдебиеттің ұлы ақыны болсын, экономика саласындағы атақты маман болсын жазып шығамыз. Ойымызды жүйелі, жинақы нақты етіп жеткізуіміз керек.

Қорытынды: 20 бала эссе жазуға қатысты. Көбінесе таңдалған тақырыптар: Қазақтың ұлы, данышпан, жазушысы - Абай, колледжіміздің директоры - А.С. Нугымаров, М.Шаханов, Қ.Қайсенов, М.О. Әуезов, Абайды зерттеуші - К. Жанатайұлы.

Эссенің қорытындысы бойынша:

1-орын - Мұхамеджанова Д. Аянқызы А.

2-орын - Мадетов М.

3-орын - Болатов Қ. Нұрланұлы А



Ақпан: «Ұлы даланың Ұлы есімдері: Өлең сөздің дүлдүлі - Ж.Жабаевтың туғанына 175 жыл»

КМҚК «Көлік колледжі» 2021-2022 оқу жылындағы «Ұлы дала» жобасының жұмыс жоспарына сай ақпан айында «Ұлы даланың Ұлы есімдері: Өлең сөздің дүлдүлі - Ж.Жабаевтың туғанына 175 жыл» тақырыбы бойынша қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі А.Н. Шотанованың жетекшілігімен 1-курс студенттері ақиық ақынның өмірбаянынан, жалпы шығармашылығы, көтерге тақырыбы қамтылған ғылыми жоба дайындап, Жамбыл облысы әкімдігінің жастар саясаты мәселелері басқармасының ұйымдастыруымен өткен қашықтықтан конференцияға қатысты. Соның ішінде Жұмағазы Асылбек Жарқынұлы жобасында ақынның өлеңдерін буын, бунақ, ұйқас түрлеріне талдады. «Жамбыл Жабаев: Ұлы сарынның сарқыты» тақырыбында жас ғалымдар арасында өткен республикалық ғылыми-практикалық конференциясына қатысқаны үшін 1-курс студенті Жұмағазы Асылбек Жарқынұлы сертификатпен марапатталды.

Ғылыми-практикалық конференциясында жетекшілік еткені үшін А.Н. Шотанова алғыс хатпен марапатталды.



«Ұлы дала» жобасының жоспарына сай 32 СМк тобының студенттерімен **наурыз** айында дөңгелек үстел өтті.

Тақырыбы: Тарих - ел ертеңі: Алаш қозғалысының жетекшісі Ә.Бөкейхановтың туғанына -155 жыл. «Рухани жаңғыру» бағдарламасының аясында осы клубымыздың жоспарына сай, Әлихан Нұрмұхамедұлы Бөкейханов – қоғам және мемлекет қайраткері, ұлт-азаттық және Алаш қозғалысының жетекшісі, Алашорда автономиялы үкіметінің төрағасы, публицист, ғалым, аудармашы екені айтылды. Осы тақырыпты қамтитын слайдтар көрсетіліп, оқушылар ойларымен бөлісті.

